

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ
№15**

Қордай ауылы
«АМАНАТ» партиясының мәжіліс залы

19.11.2025 жыл
сағат 10:00

Шақырылғандар: Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі – А.Есбосынов, Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры – А.Исраилова, Жамбыл облысы Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы – Ғ.Саяков, БАҚ өкілдері.

Төрағалық етуші: Н.С.Молдабеков – Қордай аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Қатысқандар: аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері (9 адам).

Қатыспағандар: Қоғамдық кеңес мүшесі К.Агибаева (денсаулығына байланысты ауруханада).

Күн тәртібі:

1. Аудандағы жастар ресурстық орталығының жүргізіліп жатқан жұмыстарын зерделеу туралы;
2. Аудандағы мемлекеттік кіріс басқармасының кіріс көздерін есепке алу мониторингі және жоспарлы кірістің орындалуын зерделеу туралы;

Н.Молдабеков:

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілсін.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыларға 5-7 минуттан уақыт белгілейік,

Сөз сөйлеушілерге - 5 минуттан уақыт белгілейік,

Н.Молдабеков:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – **Ж.Орақбай** баяндайды.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Аталған мекеме басшылары сұрақтарға жауап береді (А.Есбосынов, А.Исраилова).

Бұл мәселе аясында жастар ресурстық орталығының жыл басынан бері атқарған жұмыстары, жүргізілген жобалар, жастар арасындағы әлеуметтік бастамалар және олардың жүзеге асырылу барысы жөнінде толық ақпарат берілді. Сонымен қатар жастар саясаты саласындағы өзекті мәселелер, олардың шешу жолдары мен жоспарланған іс-шаралар туралы талқыланды. Кеңес мүшелері жастармен жұмыс жүргізу тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар айтып, бірқатар бағыттар бойынша нақты тапсырмалар берді.

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2-қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі Ж. Орақбайдың анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» - ның директоры **А. Исраиловаға:**

1) НЕЕТ санатындағы жастардың тізімін «Отбасының цифрлық картасы» деректер базасымен сәйкестендіріп жаңарту, бұл санаттағы жастармен жұмысты күшейту ұсынылсын;

2) Жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке тарту бағытында «Жастар тәжірибесі», «Бастау Бизнес» жобалары бойынша ауылдық округтерде ақпараттық-түсіндіру шараларын кеңейту ұсынылсын;

3) Әскери-патриоттық тәрбие бағытында өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан ауылдық округтерде (Масанчи, Сортөбе, Сарыбұлақ және т.б.) әскери-патриоттық тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру, ауыл әкімдері мен білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, жастар арасында патриоттық тәрбие бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу ұсынылсын.

3. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың желтоқсан айының 22-не дейін жолдансын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша – Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия хатшысы – **М.Байгелов** баяндайды.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Жамбыл облысы Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы – **Ғ.Саяков** сұрақтарға жауап береді.

Басқарма басшысы аудан бойынша кірістердің орындалу динамикасы, кіріс көздерін анықтау және есепке алу барысы, салалық бағыттар бойынша көрсеткіштердің орындалуы жөнінде баяндама жасады. Салықтық түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, көлеңкелі экономиканы азайту және цифрландыру құралдарын енгізу мәселелері де назардан тыс қалмады. Кеңес мүшелері есепті мұқият тыңдап, аталған бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге қатысты қосымша сұрақтар қойып, пікірлерімен бөлісті.

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –жөк. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2-қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия хатшысы **М.Байгеловтың** анықтамасы назарға алынсын;


2. Жамбыл облысы Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы **Ғ.Саяковқа:**
- Қордай аудандық кірістер басқармасына мемлекеттік бюджет жоспарын жыл аяғына дейін толық салық кірістермен толықтыру қамтамасыз ету ұсынылсын;
 - Қосымша резервтер бөлімі бойынша Республикалық бюджеттің ЕАЖ шенберіндегі жанама салық әкімдігі бөлімі бойынша жоспардан артта қалушылықты жою бағытында іс-шаралар іздестіру ұсынылсын;
 - Қосымша резервтер бөлімі бойынша жергілікті бюджеттің камеральдық бақылау, резидент еместерді әкімдендіру, салық қарыздарын өндіру бөлімдері бойынша жылдық жоспардың орындалуын қамтамасыз ету іс-шаралары іске асырылуы ұсынылсын;
 - Көлік құралдары мен мүлік салықтары бойынша берешектері жыл аяғына дейін өндіру мақсатында кірістер басқармасы қызметкерлерінің жұмыс іс-әрекеттерін полиция қызметкерлері, жеке сот орындаушылары, ауыл округі әкімдерімен бірлесе атқару тәжіребесі кеңінен жүргізулуі ұсынылсын;
 - Көлік құралдары мен мүлік салықтары бойынша берешектердің мәліметтері мен өндірілу нәтижелері аудандық ақпарат құралдарында жарияланып тұруы ұсынылсын;
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Әр мәселе бойынша баяндама жасалғаннан кейін кеңес мүшелері талқылауға белсенді қатысып, нақты ұсыныстар мен ескертулерін білдірді. Жастармен жұмыс жүргізу сапасын арттыру, мемлекеттік кіріс бойынша жоспардың орындалуын қамтамасыз ету және тиісті бөлімдердің өзара үйлесімділігін күшейту жөнінде біркатар ұсыныстар берілді.

Жиын соңында Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Смағұлұлы айтылған ұсыныстар мен пікірлерді қорытындылай келе, тиісті бөлімдерге тапсырмалар беріп, көтерілген мәселелердің орындалуын бақылауда ұстайтынын атап өтті. Кеңестің кезекті отырысы жұмыс тәртібіне сай өз мәресіне жетті.


Н.Молдабеков: Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет, Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



М.Қылышбекова